

Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік
«АлтынLand»
БСН 230740032634
090010, Орал қаласы, Деркөл а.,
Жаяу Муса көшесі, 2 үй
Телефон 8701 386 81 55

Товарищество с ограниченной
ответственностью
«АлтынLand»
БИН 230740032634
090010, город Уральск,
п.Деркул, ул. Жаяу Муса, д.2
Телефон 8701 386 81 55

Бұйрық №4

02.09.2024 ж.

**2024-2025 оқу жылына “АлтынLand” бөбекжайында Қамқоршылық кеңестің
жұмысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023 ж. №56) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес бұйырамын:

1. «АлтынLand» бөбекжайында 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмысы осы бұйрықтың қосымшасында көрсетілген құрамға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі жоғарыда аталған қағидаларына сәйкес жүргізілсін.
3. Қамқоршылық кеңестің отырыстарына бөбекжай меңгерушісі немесе оны алмастыратын жауапты тұлғаның қатысуы қамтамасыз етілсін.
4. “АлтынLand” бөбекжайында қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселер бойынша ақпаратты ұсынуға ықпал етсін.
5. Бөбекжай қызметінде ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында қаржылық жылдың қорытындысы бойынша қайырымдылық көмек қаражатының түсуі, пайдаланылуы және қозғалысы жөніндегі тиісті ақпарат белгіленген тәртіппен ұсынылып отырсын.
6. Қамқоршылық кеңестің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жұмыстарына әдіскер жүктелсін.



“АлтынLand” бөбекжайы меңгерушісі:

А.А. Мусаева

«АлтынLand» ЖШС “ АлтынLand ” бөбекжайы
Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы

№	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Кеңестегі лауазымы
1.	М.Е.Бакатова	Жеке кәсіпкер	Кеңес төрайымы
2.	А.С.Убишева	№ 9 «Еркемай» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі	Кеңес мүшесі
3.	Э.К.Мендыгазиева	Жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
4.	Н.А. Жаугаштиев	Жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
5.	А.Т.Мамаева	№40 «Болашақ» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі	Кеңес мүшесі
6.	Е.М. Айтлесов	құқық қорғау органдарының өкілі	Кеңес мүшесі
7.	М.Б.Ниязғалиева	ата-аналардың өкілі	Кеңес мүшесі

Хатшы: Исаева Данагуль Темирхановна



Бекітемін:

М. А. Мусаева

«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары
«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайы**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімдері	Жауаптылар
1.	1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы №355 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы №56 бұйрығы негізінде Қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру тәртібі мен негізгі қағидаларын қарастыру. 2. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру және кеңес жұмысын ұйымдастыру. 3.«АлтынLand» бөбекжайы ғимаратының қысқы маусымға әзірлігін қарап, балаларға қауіпсіз және қолайлы жағдайлардың қамтамасыз етілуін талқылау. 4. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарастыру, ұсыныстар енгізу және бекіту.	Қазан 2024ж	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.
2.	1. Қыс мезгілінде бөбекжай аумағы мен балалардың серуендеу учаскелерін қардан тазарту жұмыстарына ата-аналарды тартуды ұйымдастыру. 2. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларға дайындық барысында топ бөлмелері мен бөбекжай аумағын мерекеге сай безендіруге қолдау көрсету. 3. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру мәселелерін қарастырып, ас мәзіріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды талқылау. 4. Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға қатысу және дайындық жұмыстарын алдын ала қарастыру.	Желтоқсан 2024ж	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

3.	1. Көктемгі кезеңде «АлтынLand» бөбекжайының аумағын көркейту, тазарту және абаттандыру жұмыстарына ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру. 2. Бөбекжайдағы балалардың тамақтану сапасына жүргізілген бақылау нәтижелерін қарастыру, қажет болған жағдайда ұсыныстар енгізу.	Наурыз 2025ж	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.
4.	1. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстарына қорытынды жасап, жылдық қызмет нәтижелерін талқылау. 2. Жазғы кезеңге дайындық аясында топ бөлмелері мен балалардың серуендеу учаскелерінде қажетті косметикалық жөндеу және ретке келтіру жұмыстарын ұйымдастыру. 3. Балаларды қорғау күніне орай балаларды қолдауға бағытталған қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу.	Мамыр 2025ж	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 7 қазан 2024 ж.

Өткізілген орны: «АлтынLand» бөбекжайы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру тәртібі мен негізгі қағидаларымен танысу.
2. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру.
3. «АлтынLand» бөбекжайы ғимаратының қысқы кезеңге дайындығын қарастыру.
4. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Қамқоршылық кеңес мүшелерін кеңес қызметін ұйымдастыру тәртібімен, негізгі міндеттерімен және жұмыс қағидаларымен таныстырды. Кеңес қызметін қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру мәселесі қаралды. Кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершілігі талқыланып, ұсынылған құрам қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша «АлтынLand» бөбекжайының қысқы кезеңге дайындығы талқыланды. Ғимараттың қысқы маусымда қалыпты жұмыс істеуіне, жылу жүйесіне, балалардың қауіпсіздігіне және қолайлы жағдайлардың қамтамасыз етілуіне назар аударылды.

Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылып, жоспардағы негізгі іс-шаралар мен оларды өткізу мерзімдері талқыланды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің қызметі белгіленген тәртіп пен талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін.
3. «АлтынLand» бөбекжайының қысқы кезеңге дайындығы тұрақты бақылауда болсын.
4. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Бакатова М.Е.



Хатшы: Исаева Д.Т.



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 2 желтоқсан 2024 ж.

Өткізілген орны: «АлтынLand» бөбекжайы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Күн тәртібі:

1. Қысқы кезеңде бөбекжай аумағы мен балалардың серуендеу учаскелерін қардан тазарту жұмыстарына ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.
2. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Балалардың ас мәзіріне енгізілетін өзгерістерді қарастыру.
4. Наурыз мерекелік іс-шараларына дайындық мәселелерін талқылау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыс мезгілінде бөбекжай аумағын және балалардың серуендеу учаскелерін қардан уақтылы тазарту мәселесі қарастырылды. Ата-аналарды ерікті түрде тазалық жұмыстарына тарту және балалар үшін қауіпсіз серуендеу жағдайларын қамтамасыз ету ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша Жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыстары талқыланды. Топ бөлмелері мен бөбекжай аумағын мерекелік безендіруге қолдау көрсету, балаларға арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Үшінші мәселе бойынша балалардың тамақтануын ұйымдастыру және ас мәзіріне енгізілетін өзгерістер талқыланды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету қажеттілігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға алдын ала дайындық мәселелері қаралды. Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттайтын іс-шараларды ұйымдастыру және ата-аналарды белсенді қатыстыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Шешім:

1. Қысқы кезеңде бөбекжай аумағы мен серуендеу учаскелерін қардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылып, ата-аналардың ерікті қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Ас мәзіріне енгізілетін өзгерістер балалардың жас ерекшеліктері мен тамақтану талаптары ескеріле отырып қарастырылсын.
4. Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстары алдын ала ұйымдастырылсын.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Бакатова М.Е.



Хатшы: Исаева Д.Т.



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 17 наурыз 2025 ж.

Өткізілген орны: «АлтынLand» бөбекжайы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Күн тәртібі:

1. «АлтынLand» бөбекжайының аумағын көркейту және абаттандыру жұмыстарына ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.
2. Бөбекжайдағы балалардың тамақтану сапасына жүргізілген бақылау нәтижелерін қарастыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша көктемгі кезеңде «АлтынLand» бөбекжайының аумағын көркейту және абаттандыру мәселелері қарастырылды. Аумақты тазарту, ретке келтіру және көгалдандыру жұмыстарына ата-аналарды ерікті түрде қатыстыру ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжайдағы балалардың тамақтану сапасына жүргізілген бақылау нәтижелері талқыланды. Ас мәзірінің сақталуы, тағамдардың сапасы және балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мәселелеріне назар аударылды.

Шешім:

1. Бөбекжай аумағын көркейту, тазарту және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылып, ата-аналардың ерікті қатысуына жағдай жасалсын.
2. Балалардың тамақтану сапасына тұрақты бақылау жүргізіліп, анықталған мәселелер бойынша қажетті ұсыныстар енгізілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Бакатова М.Е.



Хатшы: Исаева Д.Т.



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 13 мамыр 2025 ж.

Өткізілген орны: «АлтынLand» бөбекжайы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысының қорытындысын қарастыру.
2. Жазғы кезеңге топ бөлмелері мен балалардың серуендеу учаскелерін дайындау және косметикалық жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстары қорытындыланды. Жыл бойы өткізілген отырыстар, қарастырылған мәселелер және орындалған іс-шаралар талқыланды. Кеңес жұмысының нәтижелері бойынша ұсыныстар айтылды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжайды жазғы кезеңге дайындау мәселесі қарастырылды. Топ бөлмелерінің және балалардың серуендеу учаскелерінің жағдайын қарап, қажет жерлерде косметикалық жөндеу және ретке келтіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша Балаларды қорғау күніне арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Акцияны балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлайтын және қолдау көрсетуге бағытталған іс-шаралармен үйлестіру ұсынылды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, қорытындысы қабылданын.
2. Жазғы кезеңге топ бөлмелері мен серуендеу учаскелерін дайындау және қажетті косметикалық жөндеу жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, бөбекжай меңгерушісі.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Бакатова М.Е.



Хатшы: Исаева Д.Т.



**«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің
2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы жылдық есебі**

2024–2025 оқу жылында «АлтынLand» бөбекжайында Қамқоршылық кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» және бөбекжай меңгерушісінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №4 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілді. Кеңес төрайымы болып М.Е. Бакатова, хатшысы болып Д.Т. Исаева тағайындалды. Кеңес құрамына А.С. Убишева, Э.К. Мендыгазиева, Н.А. Жаугаштиев, А.Т. Мамаева, Е.М. Айтлесов және ата-аналар өкілі М.Б. Ниязғалиева кірді. Жыл бойына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жалпы 4 отырыс өткізілді.

2024 жылдың қазан айында өткізілген №1 отырыста Қамқоршылық кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершіліктері айқындалды. Сонымен қатар, бөбекжай ғимаратының қысқы маусымға дайындығы, жылу жүйесінің жұмысы мен балаларға қауіпсіз әрі қолайлы жағдайлардың жасалуы қарастырылды.

2024 жылдың желтоқсанындағы №2 отырыста қысқы кезеңде бөбекжай аумағы мен балалардың серуендеу учаскелерін қардан тазарту жұмыстары талқыланып, бұл іске ата-аналарды ерікті түрде тарту ұйымдастырылды. Топ бөлмелері мен ауланы Жаңа жылдық мерекелерге сай безендіруге қолдау көрсетілді. Сондай-ақ, балалардың тамақтану сапасын арттыру мақсатында ас мәзіріне енгізілетін өзгерістер қаралып, Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстары сараланды.

2025 жылдың наурыз айында өткізілген №3 отырыста көктемгі кезеңде бөбекжай аумағын көркейту, тазарту және абаттандыру жұмыстарына ата-аналардың қатысуы ұйымдастырылды. Сонымен бірге балалардың тамақтану сапасына жүргізілген бақылау нәтижелері қаралып, ас мәзірінің сақталуы мен тағам сапасына тұрақты бақылау жүргізу туралы шешім қабылданды.

2025 жылдың мамыр айындағы №4 отырыста Қамқоршылық кеңестің жыл бойы атқарған жұмыстары қорытындыланып, кеңес қызметі қанағаттанарлық деп танылды. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық аясында топ бөлмелері мен серуендеу учаскелеріне косметикалық жөндеу және ретке келтіру жұмыстары жоспарланды. Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастыру бекітілді.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бөбекжайда балалар үшін қауіпсіз, сапалы әрі жайлы орта қалыптасып, бөбекжай әкімшілігі мен ата-аналар арасында тығыз ынтымақтастық орнады.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:  М.Е. Бакатова

Хатшы:  Д.Т. Исаева